

## **САРЫАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ХVІІІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ**

Жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті ХVІІІ сессиясы өтті. Сессия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері, ауданның дербес бөлім басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті ауданның бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдерінің есептері тыңдалды. Баяндамашыларға депутаттар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар мен ескертпелер берілді. Сессия соңында күн тәртібіндегі 18 мәселелер бойынша мәслихат депутаттары шешім қабылдады.

### **Сессияда қаралған мәселелер:**

1. Сарыағаш ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы есебі;
2. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы есебі;
3. Кәмелет жасқа толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бір жылда атқарған жұмыстары туралы есебі;
4. Ақжар ауылдық округі әкімінің оған жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы есебі;
5. Әлімтау ауылдық округі әкімінің, оған жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы есебі;
6. Дербісек ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы есебі;
7. Жарты төбе ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы есебі;
8. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы;
9. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 21-226-VI ««Б» корпусы Сарыағаш аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
10. Сарыағаш аудандық мәслихатының регламентін қайта бекіту туралы;
11. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 маусымдағы №7-57-VII «Аудан әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияны қайта құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
12. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі №54-479-VI «Сарыағаш ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің,

оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

13. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы №28-213-V «Сарыағаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
14. Сарыағаш аудандық Қоғамдық кеңестің құрамын бекіту туралы;
15. Сарыағаш ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құрамын қайта бекіту туралы;
16. Сарыағаш ауданының жер комиссиясының құрамын және ережесін қайта бекіту туралы;
17. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №17-189-VI «Сарыағаш ауданы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
18. Сарыағаш аудандық мәслихатының 19.02.2021 жылғы №2-11-VII "Сарыағаш ауданының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын бекіту туралы" шешімін жою туралы.